

ХАТТАМА №1

Ы.Алтынсарин атындағы №204 орта мектепте 2024 жылдың 17 қыркүйек күні мектеп асханасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссияның отырысы болып өтті.

*Қатысуға тиісті – 7
Қатысқаны -7*

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Қыркүйек айындағы мектеп асханасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссияның жұмысын қорытындылау.

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі қаралған мәселе бойынша мектеп директоры Л.Ізбасқан сөз сөйледі.

Тексеру барысында анықталғаны: апталық ас мәзірі жасалынып бекітілген, ыстық тамақ мәзірге сәйкес дайындалуда. Келген азық-түліктердің сертификаты бар, уақыты жарамды, тамақ беру, тіркеу журналдары толтырылған. Оқушылардың бір мезгіл тамақ ішу кестесі ілінген. Тамақ дайындалатын пеш және төменгі пісіру пеші толық жұмыс жасап тұр. Ыдыс-аяқ, қасық толық жуылған таза. Ыдыс аяқ оқушыларға жеткілікті. Ыдыс-аяқ жуатын дихлорлары бар, мерзімі жарамды. Мектеп асханасының санитарлық жағдайы, асхананың жалпы тазалығы, ыдыс – аяқтардың тазалығы, азық-түлік сақтайтын қоймалар, жеміс – көкөніс сақтайтын орындар, қайнату, қуыру цехтары, ыдыс – аяқ жуатын бөлмелер, азық – түліктердің сақталуы мен тұтыну мерзімі талапқа сай. Шикізаттың жеткілікті қолданылуы, дайын астың оқушыларға таратуға болатыны мен сапасы туралы бракераждық журнал уақытылы толтырылған. Бекітілген мәзір бойынша дайын ас көлемінің тамақ әзірлеуге азықтардың дұрыс салынуы мен дайын ас шығымы өз деңгейінде. Тәуліктік сынама алу мен сақталу қамтамасыз етілген. Ата – аналар мен басқа бақылаушылар тарапынан «Шағымдар мен ұсыныстар» журналы арналған. Мектеп асханасының көрінетін жерінде дұрыс тамақтану бұрышы ұйымдастырылып, «Бақылау асы» қойылған. Күнделікті және апталық ас мәзірі салыстырмалы түрде тексерілді. Аспазшылар медициналық сараптамадан өткен, бетінде, қолында жалпы денесінде ешқандай жара-ірің тектес ауру белгілері жоқ.

Комиссия асхана жұмысын жан – жақты тексеріп, төмендегідей шешімге келді.

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2024-2025 оқу жылының қыркүйек айындағы мектеп асханасының жұмысы және бір мезгіл ыстық тамақтың берілуі талапқа сай деп қорытындыланды.



Кенес төрайымы:

Л.Ізбасқан

Кенес хатшысы:

Г.Пірімжарова